



15 НАУРЫЗ
МАРТА

РЕФЕРЕНДУМ

www.election.gov.kz

ҚЫЗЫЛОРДА Өңірінде 378 УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ

Президент Жарлығына сәйкес, елімізде 15 наурызда Республикалық референдум өткізіледі.

ҚР Орталық референдум комиссиясы «Республикалық референдумды өткізу және ұйымдастыру» мәселелеріне арналған Күнтізбелік жоспарды бекітті.

Қазіргі таңда референдумды ұйымдастыру мәселелеріне қатысты дайындық жұмыстары жүргізілуде.

– Референдум күні Қызылорда өңірінде 9 аумақтық, 378 референдум учаскесі жұмыс жасайды. Оның 126-ы Қызылорда қаласында, қалғандары аудандарда.

Облыс бойынша 63 аумақытық комиссия мүше, 2705 учаскелік референдум комиссиясының мүшесі қызмет атқарады.

Қазіргі таңда учаскелерді жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. Дауыс беру кабинеттері арнайы ширмамен жабдықталып, мүгдеткігі бар

азаматтарға қолайлы жағдайлар жасалады. Бұл ретте жергілікті әкімдіктермен бірлескен жұмыс бар.

Аймақта 497 350 дауыс беруші азамат тізімге енгізілген, - деді Қызылорда облысының аумақтық референдум комиссиясының төрағасы Әділбек Ерсултанов.

Комиссия мүшелерінің біліктілігін арттыру бағытында оқыту жұмыстары жүргізіледі. Көшпелі оқытуға қала және аудандардағы аумақтық сайлау комиссиясының 56 мүшесі мен учаскелердегі 1190 комиссия мүшесі қамтылады. Қалған комиссия мүшелері каскад әдісімен оқытылады.

Бүгінгі күні Қызылорда облысында 23 қоғамдық бірлестік аккредитациядан өткізілді. Олар Референдум процесі кезінде бақылау жұмыстарын жүргізе алады.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

ЭКОНОМИКАНЫ ОДАН ӘРІ ӘРТАРАПТАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде экономиканы одан әрі әртараптандыру шаралары қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысында «Orda Glass Ltd» ЖШС әкімшілік басқарма басшысының орынбасары Ғалымжан Қуатов баяндама жасап, өңірде 2022 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан республикадағы табақша шыны өндіретін жалғыз зауыттың жұмысы мен алдағы жоспарларын таныстырды. Отырыстан кейін өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелер талқыланып, жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

«Инвестиция тартуды күшейтіп, жаңа жобаларды іске асыру үшін инвесторлармен жүйелі жұмысты ұйымдастыру керек. Аудандарда, ауылдарда кәсіпкерлікті дамыту жайын жан-жақты зерделеп, нақты ұсыныстар енгізіңіздер. Қаржы институттарымен аудандарда, ауылдарда көшпелі түсіндірме жұмыстарын қарқынды жүргізу қажет.

Сырттан келетін халық тұтынатын негізгі азық-түлік тауарларын «Ауыл аманаты» жобасы аясында өндірулі ұйымдастырыңыздар. Жоспарланған құрылыс нысандары уақытлы аяқталуы керек. Жаңадан салынуы келісілген нысандарға ғана жоба-сметалық құжат әзірленіңіздер.

Мемлекет басшысының Қатар сапарында жасалған келісім бойынша қуаттылығы 1100 Мвт-тық бу-газ қондырғысының жобалау жұмыстары жүргізілуде. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы маңызды екі жобаны сапалы әрі мерзімінде жүзеге асырыңыздар», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Айта кетейік, өңір экономикасын әртараптандыру, шикізатқа тәуелділікті азайту,



өңдеу өнеркәсібін дамыту, ШОБ-ты қолдау және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді арттыруда жүйелі жұмыс бар.

2026-2029 жылдары 48 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 10 308 жаңа жұмыс орны ашылады. Биыл 100 млрд теңгенің 21 жобасы іске қосылады. Олардың қатарында қуаттылығы 3 500 тонналық құс фабрикасы, 5 200 тонналық тауарлы сүт фермасы, «Пана» қонақ үйі, гофрлеу және картонның тегіс қабаты үшін қағаз өндіру зауыты, жалпы қуаттылығы 50 МВт болатын 2 күн электр станциясы бар.

Сонымен бірге 753 млрд 300 млн теңгеге бағаланған 14 ірі жобаның құрылысы межеленген. Өткен жылы корейлік «Уиз Ю» компаниясының тұрмыстық қатты

қалдықтарды сұрыптау кешені және «Риксос» қонақ үйінің құрылысы басталды. «Табиғи тас Қызылорда» серіктестігі 17 млрд 300 млн теңгеге жылына 1 млн 100 мың тонна өндіретін зауытын іске қосады. «Шалқия» кен-байыту фабрикасы, «Арал сода» серіктестігінің кальциленген сода, «Севен Риверс» компаниясының шыны бөтелке, испандық «Рока групп» компаниясының жылына 500 мыңға дейін санитарлық-техникалық өнім шығаратын зауыт құрылысы басталады.

Швейцариялық «Харвест Агро» компаниясының техникалық қарасора, жүгері және соя өсіру, қайта өңдеу, жүгеріні терең өңдейтін крахмал-сірне зауытының құрылысы бастау алды. Компанияға 14 200 гектар жер учаскесі табысталды.

«ІСКЕР АЙМАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» АҚ басқарма төрағасы Фархат Сарсекеевпен кездесті. Кездесуде мемлекеттік қолдау шаралары арқылы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселесі талқыланды.

«Биыл Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, микро және шағын бизнес үшін «Іскер аймақ» бағдарламасы

жүзеге асырылуда. Бағдарлама аясында қолдау көрсетілетін экономиканың басым секторларына қоса, әкімдік өз тарапынан өңір үшін негізгі салалардың тізбесін әзірлеп, Ұлттық экономика министрлігіне ұсынды.

Аймағымызда өңірлік бағдарламаның жүзеге асырылуы жолға қойылған. Әсіресе ауылдық жерлердегі микро және шағын бизнесті қолдау бағытында «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы тиімді жұмыс жасауда.

Сонғы он жылдан астам уақытта бұл орталық бизнестің 2 900-ға жуық жобасын 16 млрд 481 млн теңгеге қаржыландырды, 3 мыңнан аса жұмыс орны құрылды.

Орталыққа бюджет қаржысымен қатар, «Даму» қоры «Аграрлық несиелік корпорациясы» арқылы 6 млрд 300 млн теңге қаржы тартылды. Осы оң тәжірибені одан әрі жалғастырып, бағдарламаны «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жүзеге асыруды жалғастырамыз», – деді Н.Нәлібаев.

Айта кетейік, аймақта кәсіпкерліктің даму қарқыны жоғары. Қазіргі таңда оның экономикадағы үлесі 20,5 пайыз, кәсіпкерліктің тұрақты дамуына мемлекеттік қолдаудың жүйелі шаралары оң ықпал етті. Былтыр жеке кәсіпкерліктің 2 929 жобасына 61 млрд 100 млн теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетілді. Оның ішінде жалпы несие портфелі 16 млрд 100 млн теңге болатын 210 жобаға субсидия беріліп, 214 жобаға кепілдік ұсынылды. Сонымен қатар, қаржы институттары арқылы өңдеу өнеркәсібін дамытуға бағытталған «Өрлеу» бағдарламасы аясында 51 жоба 10 млрд 428 млн теңгеге қаржыландырылды.

Аталған қолдау шаралары өңірдің инвестициялық әлеуетін арттырып, жаңа жобаларды іске асыруға мүмкіндік берді.

Биыл жеке кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға бюджеттен 13 млрд 300 млн теңге қарастырылды. Оның ішінде банк несиелерін субсидиялау мен кепілдендіруге жергілікті бюджеттен 2 млрд 300 млн теңге бөлінді.

ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАҚЫЛАУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен аудандардағы теміржол вокзалдарының құрылысы және жалпы құрылыс мәселелері талқыланып, бірқатар нақты тапсырмалар жүктелді.

Аймақ басшысы жоба-сметалық құжаттардың оң қорытындысын белгіленген мерзімінен бұрын алу үшін нақты әрі жүйелі жұмыс жүргізуді тапсырды. Құрылыс тұрақты бақылауда екенін атап өткен өңір басшысы мердігер мекемелерге сапаны басты назарда ұстауды ескертті. Сонымен қатар, аудан әкімдеріне құрылыс барысын күнделікті бақылау, жоспардағы жұмысты уақытылы әрі талапқа сай етіп орындау міндеттелді.

«Теміржол вокзалдарының сыртқы келбеті ғана емес, жолаушыларға қызмет көрсету деңгейі де жоғары болуы тиіс. Келушілерге

жағымды әсер қалдыру үшін көрсетілетін қызметтердің сапасын арттырыңыздар. Қала және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, вокзал маңын абаттандыруды, қоғалдандыруды және санитарлық тазалығын күнделікті қамтамасыз етіңіздер», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Айта кетейік, облыс аумағынан 1051,7 шақырым магистральдық теміржол желісі өтеді. «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ қарасты 8 теміржол вокзалы, 2 қызмет көрсету пункті бар.

2023 жылы «Қазақстан Темір Жолы» компаниясының және жергілікті кәсіпкерлердің демалушылығымен 600 млн. теңгеден астам қаржыға Қызылорда теміржол вокзалы ғимараты мен іргелес аумағы күрделі жөнделіп, абаттандырылды.

Былтыр Мемлекет басшысының, Үкіметтің айрықша қолдауымен облыстағы теміржол вокзалдарының барлығын күрделі жөндеу және абаттандыру қолға алынды.

Қазіргі таңда барлық аудан орталығындағы, сондай-ақ Төретам және Сексеуіл теміржол вокзалдарына күрделі жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Осылайша жолаушыларға қолайлы жағдай жасау, инфрақұрылымды жаңғырту және қауіпсіздік талаптарын күшейту көзделген.

Вокзал ғимараттарының сыртқы және ішкі келбеті жаңартылып, күту залдары, билет сату орнындары және санитарлық тораптар заманауи талаптарға сай қайта жабдықталуда. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі жандарға ыңғайлы болуына ерекше көңіл бөлінуде.

Жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін теміржол вокзалдарының қызмет көрсету сапасы артып, тұрғындар мен қонақтарға қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптасады.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз хатшысы

САБАЛАҚ САЯЖАЙЫНА ГАЗ ҚОСЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Сабалақ елді мекеніне газ қосу рәсімі өтті. Оған Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары арнайы қатысты.

Аймақ басшысы тұрғындарды көптен күткен игіліктің іске асуымен құттықтады.

«Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы қаламызда өткен Ұлттық құрылтайда: «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр» деп, аймағымыздың барлық салада қарқынды дамығанын ерекше атап өтті. Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

Тарихи миссиясы маңызды жиында Мемлекет басшымыз Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы басталғанын, алдағы уақытта 500 орындық емхана мен 200 орындық перзентхана салынатынын, жана драма театр мен заманауи Президенттік кітапхана құрылысы басталатынын жариялады. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің Қызылорда – Ақтөбе бағытындағы жолын төрт жолақты етіп кеңейту жобасы, «Бейнеу – Сексеуіл» жолының құрылысы биыл қолға алынатынын айтты. Бұл – Мемлекет басшымыздың Сыр жұртшылығына ыстық ықыласы, тұрғындарымыздың бекем бірлігі мен тату тірлігінің нәтижесі!



Халқымызда «Мұраты бірдің қуаты бір» деген сөз бар. Ауылдың дамуы, келешегі Сіздерге,

тұрғындардың еңбекқорлығымен ауызбірлігіне байланысты. Сабалаққа қосылған көгілдір отын

халықтың тұрмыс сапасын арттырып, әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң әсер етеді деп сенеміз!», – деді Н.Нәлібаев.

Рәсімде аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан тұрғындар және мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Абдуламидұлы, Мархабат Жайымбетұлы, Мұрат Нәлқожаұлы құттықтау сөз сөйледі. Қызылорда қаласының құрметті азаматы Сайлаубай Әбішев батасын берді.

Айта кетейік, Қызылорда қаласында 80-ге жуық саяжай бар, оның 10-ға жуығында халық тығыз қоныстанған. Осыған байланысты бас жоспарға өзгерістер енгізіліп, бірқатар саяжайға «Тұрғын үй аумағы» мәртебесі берілді.

Сабалақ саяжайы қала шекарасына енгізіліп, инфрақұрылым жеткізуге мүмкіндік жасалды. Соңғы төрт жылда бұл аумаққа 6 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, 22 шақырым ауыз су магистралі тартылды. Су мұнарасы орнатылып, электр желісі жүргізілді, 20-ға жуық көшеге орташа жөндеу жасалды.

Сонымен қатар, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында «Орда скул-2» жеке мектебін мемлекет меншігіне берді.

Сабалаққа 3,2 млрд теңгеге газ тартылып, 1 694 үйге көгілдір отын қосылады. Алдағы уақытта басқа да саяжайларға кезең-кезеңімен инфрақұрылым жүргізіледі.



«ҚЫЗЫЛЖАРМА» КАНАЛЫ МЕН САҒЫМБАЕВ КӨШЕСІН ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қызылжарма» каналын науамен жабықтау және жол жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

Алдымен жабдықтау жобасын көрді. Қолданыстағы «Қызылжарма» каналы 1957 жылы салынған. Ұзындығы – 13 800 метр, ені – 11 метр, техникалық жағдайы айтарлықтай тозған. Су ресурстарын тиімді пайдалану және үнемдеу үшін каналды қайта жаңғыртып, заманауи талаптарға сай науамен жабдықтау қажеттілігі туындады.

Осы бағытта жоба әзірленіп, ол іске асқанда «КБИ», «Коммунизм», «Шанхай», «Гагарин» шағын аудандары мен «Қызылжарма» ауылдық округінде тұратын шамамен 48 мыңға жуық тұрғын сапалы аяқ сумен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, мал шаруашылығын дамытуға, бау-бақша және жеміс-жидек егуге, қаланың экологиялық ахуалын жақсартуға оң әсерін тигізеді.

Суару маусымында каналдан шамамен 9,3 млн текше метр су жіберіледі. Науа қойылған соң су шығыны шамамен 50 пайызға қысқарады.

Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарын «Бақ-Береке 2030» серіктестігі бастады. Келісімшартқа сәйкес жобаны

іске асыру мерзімі – 14 ай. Жоба бойынша 9 488 метр науа орнатылып, 34,3 гектар аумақ тазаланып, монолитті темірбетон конструкциялары тұрғызылады. Сонымен қатар, 10 преу-бөгеттеу құрылғысы, 2 құбырлы өткел, жауы жүргіншілер көпірлері, диаметрі 200 мм-лік 87 су шығару құрылғысы орнатылады. Оған қоса 56 400 шаршы метр кеспетас төселіп, 126 орындық пен қоқыс жәшігін қою жоспарланған.

Әрі қарай аймақ басшысы «Сағымбаев көшесін Торайғыров көшесінен «Қызылорда – Құмкөл» автожолына дейін қайта жаңғырту» жобасын жүзеге асыру барысын көрді. Мұнда 2,1 шақырымдық төрт жолақты жана автомобиль жолы салынууда.

Мердігер мекеме «Қыран», техникалық қадағалаушы «СК Энерго Ойл», авторлық қадағалаушы «Проинсет» серіктестіктері, Жобаның келісімшарт құны 1 673 132,0 мың теңге, ол бойынша жаяу жүргіншілер жолы салынып, заманауи жарық шамдары орнатылады. Бұл жол қозғалысының қауіпсіздігін арттырып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

«СОЛЛАЛЬ» МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРА ӨТТІ

17 ақпан күні Қызылордадағы «Кристал» мейрамханасында корей этносның Жаңа жылы – «Соллаль» мерекесіне арналған салтанатты іс-шара өтті. Дәстүрлі мейрамға этномәдени бірлестіктер өкілдері, зиялы қауым, жастар мен қала тұрғындары қатысты.

Салтанатты бөлім фанфармен ашылып, жүргізушілер қазақ, корей және орыс тілдерінде құттықтау сөз сөйледі. Мерекенің ашылуында Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Артур Қамбаров құттықтау лебізін білдіріп, Соллаль мерекесінің жанару мен үміттің, бірлік пен

татулықтың символы екенін атап өтті. Ол облыстық корей этномәдени бірлестігінің өңірдегі қоғамдық келісімді нығайтуға, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді жас ұрпаққа насихаттауға қосып отырған үлесін ерекше атап өтті.

Сонымен қатар, ол алдағы 15 наурыз күні өтетін

жалпыхалықтық референдумға тоқталып, жана Конституцияны қабылдау ел дамуының маңызды кезеңі екенін жеткізді. «Конституция – мемлекет пен қоғам арасындағы сенім мен келісімнің негізі. Онда тәуелсіздігіміздің тұғыры, заң үстемдігі мен азаматтардың құқықтары нақты айқындалады. Сондықтан бұл маңызды саяси науқанға баршанызды белсенді қатысуға шақырамын», – деді басқарма басшысының орынбасары.

Кеш барысында облыстық корей қауымдастығының төрағасы

Ан Елена Юрьевна сөз сөйлеп, жиналған қауымды мерекемен құттықтады. Ақсақалдар батасын беріп, ізгі тілектерін жеткізді.

Бағдарлама аясында корей этносның көне дәстүрі – «Сэбэ» рәсімі көрсетілді. Бұл – жас буынның үлкендерге тағзым етіп, құрмет көрсету дәстүрі. Ортаға қауымдастық өкілдері мен ең жас буын шығып, ұлттық ғұрып сахналанды. Сондай-ақ «Самульнори» ұлттық аспаптық ансамблінің орындауындағы музыкалық номерлер, хордың корей тіліндегі әндері көрермен ықыласына бөленді.

2025 ЖЫЛҒЫ ӨНДІРІСТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ: «ШАЛКИЯЦИНК ЛТД» АҚ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСЫ

Қоршаған ортаны қорғау және тұрғындарды ақпараттандыру – қазіргі өндірістік кәсіпорындардың маңызды міндеттерінің бірі. Осы мақсатта «ШалкияЦинк ЛТД» акционерлік қоғамы 2025 жылы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭБ) жұмыстарын жүйелі түрде жүргізді.

«ШалкияЦинк ЛТД» АҚ Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданында орналасқан «Шалкия» кен орнында полиметалл кендерін өндіру қызметін жүзеге асырады. Кәсіпорын қоршаған ортаға әсер ету деңгейіне байланысты I санаттағы объектілер қатарына жатады, бұл экологиялық бақылаудың барлық негізгі бағыттары бойынша тұрақты мониторинг жүргізуді талап етеді.

Өндірістік экологиялық бақылаудың маңызы

Өндірістік экологиялық бақылау – кәсіпорын қызметінің қоршаған ортаға ықтимал әсерін алдын ала бағалауға, экологиялық тәуекелдерді төмендетуге және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған маңызды құрал.

2025 жылы ӨЭБ бекітілген бағдарламаға сәйкес жоспарлы түрде жүргізіліп, атмосфералық ауа, су ресурстарын, топырақ жамылғысы, радиациялық жағдай және қалдықтармен жұмыс істеу



бағыттарын қамтыды.

Атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау

Кәсіпорын қызметінің атмосфералық ауаға әсерін бақылау шеңберінде 2025 жылы:

операциялық мониторинг; эмиссиялар мониторинг; санитарлық-қорғау аймағының шекарасында мониторинг; селитебтік аймақта, Шалкия кенті мен Құттықожа елді мекені аумағында мониторинг жүргізілді. Бұл бақылаулар қоршаған ортаға әсерді уақтылы анықтауға және алдын алу шараларын қабылдауға мүмкіндік береді.

Су ресурстарын қорғау

Су ресурстарына әсерді

бағалау мақсатында жер үсті және жер асты суларына мониторинг жүргізілді. Бақылау:

бг-бис су тарту ұңғымасы бойынша;

Жаңақорған су тарту көзі бойынша;

фондық және бақылау байқау ұңғымалары арқылы жүзеге асырылды.

Сонымен қатар шахталық және шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулардың жай-күйіне тұрақты бақылау жүргізілді.

Топырақ және радиациялық мониторинг

Топырақ жамылғысының экологиялық жағдайын бағалау үшін жоспарлы түрде мониторинг

жүргізілді.

Кәсіпорын аумағында радиациялық жағдайды бақылау мақсатында радиациялық мониторинг те орындалды.

Барлық зертханалық зерттеулер мен өлшеулер аккредиттелген зертхана тарапынан қолданыстағы талаптарға сәйкес жүзеге асырылды.

Қорытынды

2025 жылғы өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша:

барлық жоспарланған мониторинг түрлері толық көлемде орындалды;

кәсіпорынның қоршаған ортаға әсері белгіленген экологиялық нормативтер шегінде болды; экологиялық талаптардың бұзылуы және нормативтерден асып кету жағдайлары анықталған жоқ.

Бұл нәтижелер «ШалкияЦинк ЛТД» АҚ-ның өндірістік қызметі экологиялық талаптарға сай жүзеге асырылып жатқанын және кәсіпорынның қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне жауапкершілікпен қарайтынын көрсетеді.

Кәсіпорын алдағы уақытта да экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жұмыстарды жалғастырады.

«ШалкияЦинк ЛТД» АҚ HSE қызметі

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕР ҚАРҚЫНДЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРУДА

2017 жылы заманауи талаптарға толық жауап беретін автобус паркінің жаңа ғимараты қолданысқа берілді. Бүгінде бұл кешенде көлік құралдарын техникалық қызметтен өткізу, жөндеу цехтары, газ құю бекеті және көлік жуу орны тәулік бойы үздіксіз қызмет көрсетуде.

Қазіргі таңда, қалаішілік жолаушылар тасымалын күнделікті 240 дана автобустар жүзеге асыруда. Қоғамдық көліктердің бағыттардағы қатынау интервалы жобамен 12-15 минутты құрайды. Серіктестіктің стратегиялық жоспарына - «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС қалаішілік жолаушылар тасымалының барлық бағыттарын қамтып келеді.

Облыс орталығында халық санының өсуі қоғамдық көлікке деген сұранысты

жыл сайын арттыруда. Өздеріңізге белгілі, облыс әкімінің қолдауымен 2022-2024 жылдары Қызылорда қаласының қоғамдық көлік мәселесін түбегейлі шешу үшін «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы табиғи газбен жүретін «Yutong ZK6852 HG» маркалы 300 дана автобус алынып халық игілігіне пайдалануға берілді.

Осы ретте, қоғамдық көлік санының еселеп артуына байланысты серіктестіктің штаттық бірлігі 730, оның ішінде 523 бірлікті автобус жүргізушілері құрап отыр. Жұмыс жасау тәртібі-2 жұмыс күн, 2 демалыс күн.

Бүгінгі таңда қоғамдық көліктерде, «АЛЕМПАУ» ЖШС-мен жасалған келісімге сәйкес жол ақысын ұялы

байланыс операторының көрсетілген қызметтері немесе электрондық жол жүру картасы арқылы жүзеге асады. Сараланған тариф бойынша 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап электронды түрде төлем 85 теңге, қолма-қол төлем 130 теңге болып бекітілген.

Ақпарат ретінде:

Қала тұрғындары мен қонақтар үшін электронды түрде төлем жасаудың 8 түрі ұсынылған. Олар: SMS, QR код, ұялы қосымша, көлік және банктік карталарды қолданатын ұялы байланыс операторлары арқылы.

Бүгінде Серіктестіктің барлық қалаішілік бағыттарда жолаушыларды тасымалдайтын автобустары 2GIS, Яндекс GO және Яндекс Карта ұялы

қосымшасына тіркелген. Өз кезегінде қызылордалықтар мен қала қонақтары баратын жерлеріне қосымша арқылы қай бағыт қай уақытта жүретінін көру мүмкіндігі жасалған.

Барлық қоғамдық көліктерде «автотинформатор» орнатылып, автоматты түрде аялдамаларды хабарлау қызметі жұмыс жасауда.

Аталмыш жүйе арқылы жолаушыларға автоматты түрде аялдама атауларын, жолаушыларға қалта ұрлығынан сақ болуын, жол жүру билетін талап ету қажеттігін хабарланып отырылады. Арнайы навигация жүйесі ескертулерді толығымен автоматтандыруға мүмкіндік береді, яғни жүргізуші көлік жүргізу барысында алаңдамайтын болады.



«Қызылорда» автобус паркі» ЖШС-нің buspark.kz атауымен ақпараттық сайт жұмыс істеуде. Сайтта қазақ және орыс тіліндегі медиа оқырманға автобус паркінің тыныс-тіршілігі, жүргізушілермен жолаушылардың дұрыс диалог құру мәдениеттілігін қалыптастыру, автобустардың қай аймақта келе жатқанын және қанша минутта болатынын тікелей бақылау мүмкіндігі қарастырылған.

БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КӘСІБИ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ РӨЛІ



Қазіргі қоғамда кәсіби білім беру жүйесінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – тек білікті маман даярлау ғана емес, сонымен қатар кәсіби мәдениетті жоғары, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңірген тұлға қалыптастыру. Бұл міндетті жүзеге асыруда колледждегі тәрбие жұмысының рөлі ерекше.

Болашақ маманның кәсіби мәдениеті оның кәсіби білім деңгейімен қатар, мінез-құлқынан, қарым-қатынасынан, еңбекке көзқарасынан, кәсіби этиканы сақтауынан көрінеді. Сондықтан кәсіби мәдениетті қалыптастыруда тәрбие жұмысы негізгі тетік болып табылады.

Кәсіби мәдениет – маманның кәсіби қызметінде көрінетін жалпы мәдениеті, адамгершілік ұстанымы, этикалық нормаларды сақтау деңгейі, еңбек тәртібі мен жауапкершілігі. Ол кәсіби құзыреттілікпен тығыз байланысты және тұлғаның ішкі мәдениетін көрсетеді.

Болашақ маманның кәсіби мәдениетіне:

- кәсіби этика;
- еңбек тәртібі;
- жауапкершілік;
- қарым-қатынас мәдениеті;
- өзін-өзі дамытуға ұмтылыс жатады.

Бұл қасиеттер өздігінен қалыптаспайды, олар мақсатты түрде ұйымдастырылған тәрбие жұмысының нәтижесінде дамиы.

Колледждегі тәрбие жұмысы студенттің тұлғалық дамуына, кәсіби ортаға бейімделуіне ықпал етеді. Тәрбие бағыты арқылы студент

кәсіби мінез-құлық нормаларын меңгереді, қоғамда және ұжымда өзін дұрыс ұстай білуге үйренеді.

Тәрбие жұмысының негізгі міндеттері:

- студенттердің еңбекке деген оң көзқарасын қалыптастыру;
- кәсіби жауапкершілік пен тәртіпті тәрбиелеу;
- кәсіби этика нормаларын түсіндіру;
- ұжымда жұмыс істей білу дағдыларын дамыту;
- өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жетілдіруге бағыттау.

Тәрбие жұмысы кәсіби мәдениетті қалыптастыруда жүйелі және мақсатты түрде жүргізілгенде ғана нәтижелі болады.

Колледжде кәсіби мәдениетті қалыптас-тыру тәрбие жұмысының әртүрлі формалары арқылы жүзеге асады. Атап айтқанда:

- кураторлық сағаттар;
- кәсіби-адамгершілік бағыттағы тәрбие іс-шаралары;
- өндірістік практика кезіндегі тәрбиелік бақылау;
- тренингтер мен пікірталастар;

- қоғамдық және волонтерлік жұмыстар.

Өндірістік практика барысында студенттің кәсіби мәдениеті нақты іс-әрекет арқылы көрінеді. Бұл кезеңде тәрбие жұмысы студенттің жауапкершілігін, еңбек тәртібін, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Болашақ маманның кәсіби мәдениетін қалыптастыруда оқытушы мен куратордың рөлі айрықша. Студент үшін ұстаз – кәсіби әрі адамгершілік үлгісі. Оқытушының жеке мәдениеті, сөйлеу әдебі, қарым-қатынасы, кәсіби ұстанымы студентке тікелей әсер етеді.

Куратор мен оқытушы:

- студенттің тұлғалық ерекшелігін ескеруі;
- тәрбиелік ықпалды жүйелі ұйымдас-тыруы;
- өз іс-әрекеті арқылы кәсіби мәдениетті көрсетуі;
- сенімді қарым-қатынас орнатуы тиіс.

Ұстаздың сөзі мен ісінің бірлігі – кәсіби мәдениетті тәрбиелеудің ең тиімді жолы.

Кәсіби мәдениет тек тәрбие сағаттарында ғана емес, оқу процесінің барлық кезеңінде қалыптасады. Әрбір сабақ, әрбір іс-шара тәрбиелік мәнге ие болуы тиіс. Оқу мен тәрбие біртұтас жүйе ретінде ұйымдастырылған жағдайда ғана болашақ маман жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасады.

Тәрбие жұмысы кәсіби білімді толықтырып, студенттің кәсіби әрекетке саналы көзқарасын қалыптастырады.

Қорытындылай келе, болашақ маманның кәсіби мәдениетін қалыптастыруда тәрбие жұмысының рөлі өте зор. Тәрбие арқылы студент кәсіби білімін адамгершілік құндылықтармен ұштастырып, өз кәсібіне жауапкершілікпен қарайтын тұлға ретінде қалыптасады.

Колледждегі тәрбие жұмысы жүйелі, мазмұнды және мақсатты түрде ұйымдастырылғанда ғана қоғамға қажет, мәдениеті жоғары, бәсекеге қабілетті маман даярлауға мүмкіндік туады.

**Махмут Акерке Еркебұланқызы
(арнайы пән оқытушысы)
И.Әбілқәрімов атындағы Қызылорда
политехникалық жоғары колледжі**

КЛИНИКАЛЫҚ ПРАКТИКАҒА ЖІБЕРУ ҮШІН ШЕТЕЛДІК МАМАНҒА СЕРТИФИКАТ БЕРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Медициналық мамандарға, шетелдік мамандарды қоса алғанда клиникалық практиканы жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында бірқатар талаптар көзделгенін атап өткен жөн.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес шетелдік мамандар Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы маманының тиісті сертификаты болған кезде және клиникалық практикаға белгіленген тәртібі сақталған кезде ғана медициналық көмек көрсете алады.

Мұндай рұқсатты алу үшін шетелдік мамандар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығына (бұдан әрі - бұйрық) «Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы» сәйкес Комитеттің аумақтық департаменттеріне білім туралы, еңбек және кәсіптік қызметін растайтын құжаттарды, кәсіптік даму құжаттарын және кәсіптік даярлықты бағалау нәтижелерін растайтын құжаттарды ұсына отырып, өтініш жібереді.

Шетелдік маман сертификаттын алу үшін медициналық білімі бар жеке тұлға жоғарыда аталған бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.

Сонымен қатар, шетелдік мамандар сертификаттау кезінде 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің азаматтары болып табылатын шетелдік мамандардың қоспағанда, жергілікті атқарушы органынан алынған шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты ұсынуы тиіс.

Шетелдік мамандар кәсіптік медициналық қызметті жүзеге асыру үшін «Назарбаев Университетіне» немесе оның медициналық ұйымдарына, Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының медициналық ұйымдарына, сондай-ақ оқыту мақсатында қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын және аккредиттелген университеттік ауруханалардың, денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары клиникаларының базасындағы және резидентура базасындағы танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне

енгізілген аккредиттеу органдарында институционалдық аккредиттеуден өткен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына, ұлттық және ғылыми орталықтарға, ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары медициналық колледждерге жіберілгендерді қоспағанда Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған шетелдік мамандар, тану қағидаларымен бекітілген білім және (немесе) біліктілігін тану туралы құжаттармен сертификаттауға жіберіледі. Бұл талаптар пациенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және медициналық көмектің сапасына кепілдік беруге бағытталған. Рұқсат құжаттары жоқ мамандарға жүгіну диагностика мен емдеудегі қателіктерге, сондай-ақ пациенттердің құқықтарының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департаментімен 2025 жылғы клиникалық практикаға жіберу үшін 13 шетелдік маманға маман сертификаты берілді.

Сонымен қатар, заңсыз медициналық және (немесе) фармацевтикалық қызметпен айналысу анықталған жағдайда ӘҚБтК-нің 424-ші бабы, 1-ші бөліміне сәйкес (1. Қызметтің осы түріне арналған сертификаты және (немесе) лицензиясы жоқ тұлғаның заңсыз медициналық және (немесе) фармацевтикалық қызметпен айналысуы – жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға – он бес, шағын, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жетпіс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.) әкімшілік жауапкершілік көзделеді.

Осыған байланысты, медициналық ұйымдарға клиникалық практиканы (консультация, диагностика және емдеу жүргізу) жүзеге асыру үшін шетелдік медицина мамандарын шақырту барысында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарының сақталуын алдын ала қамтамасыз ету және қажетті рұқсат құжаттарының болуына назар аудару ұсынылады.

**Ұ.ШАРАПАТОВА,
Медициналық қызметті
лицензиялау және сертификаттау
бөлімінің басшысы**

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар

2025 жылғы 24 маусымдағы № 196-VIII бұйрығымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес», «Азаматтық қорғау туралы» ҚР Заңының 72- бабы 1-тармағы 5) және 6) тармақшаларымен толықтырылды.

5) газ тарату жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу;

6)сұйытылған мұнай газымен жабдықтау жүйелерінің объектілеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу;

Сонымен қатар Заңға сәйкес Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптарды бекіту туралы ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №299 бұйрығына ҚР ТЖМ м.а 22.09.2025 ж. №414 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Атап айтқанда 1-тараудың 2-тармағына 5), 6) тармақшалар қосылған.

5) газ тарату жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу;

6) сұйытылған мұнай газымен жабдықтау жүйелерінің объектілеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу;

мынадай мазмұндағы 5-1 және 5-2-тараулармен толықтырылған:

"5-1-тарау. Газ тарату жүйелеріне техникалық қызмет көрсету құқығына аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар

5-2-тарау. Сұйытылған мұнай газымен жабдықтау жүйелерінің объектілеріне техникалық қызмет көрсету құқығына аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар

Заңды тұлғаларды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған заңды тұлғаларға уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізіледі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған заңды тұлғаларға өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестат беріледі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттың қолданылу мерзімі бес жылды құрайды.

**Мадина АЙТИМОВА,
ҚР ТЖМ Қызылорда облысының Төтенше
жағдайлар департаментінің бас маманы**

Жұмысын тоқтатады

«Фа Цай» ЖШС (БСН 240340031207) мекемесінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады. Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Микрорайон Ақсай -3, №10А үй, 77 А кв, Почта индексе 050000.



АИТВ/ЖИТС дегеніміз не?

Адамдардың жиі АИТВ мен ЖИТС түсінігін шатастырады. Оларлы синонимдер деп атайды, бірақ ол мүлдем олай емес. ЖИТС – жүре пайда болған иммунитет тапшылығының синдромы. ЖИТС бұл тек АИТВ-ның бір сатысы ғана. Адамның организмінде АИТВ пайда болғаннан бастап бұл ұзақ жылдарға созылуы мүмкін. Басқаша айтқанда, адамда АИТВ инфекциясы болуы мүмкін, бірақ, ЖИТС емес.

АИТВ – дегеніміз не?

АИТВ (ВИЧ) – адамның иммун тапшылығы вирусы.

АИТВ адам ағзасын әртүрлі инфекциядан қорғайтын қорғаныш (иммунды) жүйені зақымдайды. АИТВ қорғаныш жүйесінің белгілі клеткаларын (CD4 клеткаларын) зақымдайды. CD4 клеткаларының азаюына қарай ауру деңгейі анықталады. АИТВ-мен өмір сүретін адамдарды АИТВ – жұқтырғандар деп айтады.

ЖИТС дегеніміз не?

ЖИТС (СПИД) – жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы. Қорғаныш жүйесі әлсіреген кезде адам кез-келген ауруды, әсіресе жұқпалы ауруларды (құрт ауруы – туберкулез, өкпе қабынуы) қабылдағыш болады.

АИТВ қалай жұғады?

Қанға АИТВ қажетті мөлшерде түскенде жұғуы мүмкін. Құрамында АИТВ-ның жұғатын мөлшері бар организм сұйықтықтары, олар:

- Қан,
- Шәуіт,
- Қынап сұйықтығы,
- Ана сүті.

Сілекей, тер, несеп құрамында қоздырғыш жұқтыратын мөлшерде болмайды.

АИТВ зақымдалмаған тері арқылы немесе ауа арқылы тұмау қоздырғышы сияқты берілмейді.

АИТВ жұқпасының бірнеше жұғу жолдары бар:

- Сақтанбай мүшекапсыз (презервативсіз) жыныстық қатынасқа түсу кезінде;
- Лас инъекция құралын бірлесіп (кезектесіп) қолдану арқылы және есірткі дайындау құралдарын бірге пайдаланғанда;
- Стерильденбеген дене әшекейлеу (татуировка) және сырға салу (пирсинг) құралдарын бірлесіп (кезектесіп) қолдану арқылы;
- Егер бөтен адамның қырыну құралдары мен тіс шаю шетқасын қолдана;
- Жүктілік, босану және емізу кезінде анадан балаға жұғу қаупі жоғары болады;
- Егер жыныстық жолдары арқылы берілетін аурулары болса, сонымен қатар, гинекологиялық аурулар болғанда жұғады.

АИТВ-ны жұқтыру мүмкін емес:

Қол алысу, құшақтасу, достық сүйісу, түшкіру мен жөтелу кезінде, бір ас ыдысын, ормал-төсек құралдарын пайдаланғанда, бір душ пен дәретхананы қолданғанда, бірігіп спортпен шұғылданғанда, бір бөлмеде АИТВ-ны жұқтырған адамдармен тұрғанда және жәндіктер шаққанда жұқпайды.

АИТВ-ны қалай анықтауға болады?

АИТВ-ны анықтаудың жалғыз әдісі – қанды зертханада тексеру, яғни арнайы әдіспен қоздырғышқа қарсы денелерді анықтау. Қарсы денелер дегеніміз ол ағзада қоздырғышқа қарсы жауап ретінде пайда болатын белоктар.

Оң нәтижелі анализ дегеніміз ол адам қанында қоздырғышқа қарсы денелер бар дегенді білдіреді, яғни ол адам АИТВ-ны жұқтырған.

Теріс нәтижелі анализ, яғни АИТВ-ға қарсы денелер қанында анықталмаған. Теріс нәтиже қандай жағдайда болуы мүмкін:

- егер адам АИТВ-ны жұқтырмаған болса;
- Адам АИТВ-ны жұқтырған күнде де, адам қанында АИТВ-ға қарсы денелер пайда болып үлгермейді, сол себептен қан анализінің нәтижесі теріс болады («терезе кезеңі»).

«Терезе кезеңі» деген не?

Ағзаға тест-жүйелерімен анықтауға жеткілікті мөлшерде қарсы денелер пайда болу үшін 25 күннен 3 айға дейін (сирек жағдайға – 6 ай) уақыт керек. Осы уақыт кезегін «терезе кезеңі» деп атаймыз. Бұл кезеңде тест нәтижесі теріс болады. Сондықтан 3 айдан кейін анализді қайталау керек. «Терезе кезеңінде» қанда, шәуітте, қынап сұйықтықтарында және ана сүтінде қоздырғыш басқа адамдарға жұқтыратын мөлшерде болады.

Тексеруді қай жерден өтуге болады?

Ауданымызда облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығының Шиелі аудандық филиалында ИФА әдісі арқылы АИТВ-ға тексеретін жасырын тестілеу кабинеті жұмыс жасайды. Жасырын кабинет арқылы АИТВ-ға ТЕГІН тексерілуге болады. Тексеру кезінде міндетті түрде тест алдындағы және тесттен кейінгі кеңес берілу керек. Онда өзінді қызықтыратын сұрақтарға жауап алуға болады.

Жүгудың қалай алдын алуға болады?

Есінде болсын:

Инъекция (инемен егу) арқылы есірткі қолдану – ең қауіпті!

Тек өзіңнің таза инъекциялық құралдарыңды қолданып және басқа адамға пайдалануға бермеу керек;

Денеге танба салу (пирсинг) кезінде тек таза құралдарды қолдану керек;

Қанмен және қан жұққан материалдармен жұмыс жасаған кезде ақсөл (латекс) қолғаптарын кию керек;

Тек өзіңнің таза немесе жаңа жеке гигиена құралдарын (қырыну құралдары мен тіс жуатын шетқаларыңды) пайдалану керек;

Әрбір жаныстық қатынас кезінде мүшекапты қолдану керек;

Жүкті анандан балаға АИТВ берілуінің алдын алу әдістерін пайдалану (вирусқа қарсы препаратты жүктілік, босану және босанудан кейінгі кезеңде беру, емшекпен емізбеу) керек.

Анализ тапсырғанша көп адамдар өздеріне АИТВ-ны жұқтырғаны туралы сезбейді де. Вирус жұқтырылғаннан кейін АИТВ-нің 1-ші сатысы – инкубациялық кезең басталады. Инкубациялық кезең кезінде ағза АИТВ-ға қарсы тұра бастайды. Иммундық жүйе вирустан қорғайтын антидене – спецификалық ақуыз шығара бастайды. Өкінішке орай, ағза АИТВ жұқпасын толықтай шығаруға жағдайы келмейді.

Дәл осы антиденелер АИТВ анализін анықтап шығарады және осы антиденелер көмегімен «АИТВ жұқпасы» диагнозы қойылады.

УРАЙЫМ,

**Қызылорда облыстық АИТВ орталығының
Шиелі филиалының эпидемиологиялық көмекшісі**

ЗАҢНАМАЛАРҒА ЕНГІЗІЛГЕН ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫ БОЙЫНША ЖОСПАРЛЫ ЖӘНЕ ЖОСПАРДАН ТЫС ТЕКСЕРУЛЕР

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау, электр энергетикасы және мемлекеттік мүлікті басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 24 маусымдағы № 196-VIII ҚРЗ-на сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласы бойынша тексерулерге қатысты біраз өзгерістер орын алды.

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап өнеркәсіптік қауіпсіздік саласы бойынша бақылау-қадағалау функциялары ҚР «Кәсіпкерлік Кодексіне» бөлініп шығып «Азаматтық қорғау» туралы Заңымен реттеледі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласы бойынша тексерулер «Азаматтық қорғау» туралы Заңының 39-2 бабында толық көрсетілген. Қысқаша тоқталатын болсақ 39-2-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тексеру

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тексеруді бақылау және қадағалау органы қауіп-қатер дәрежесіне қарай бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жүргізеді.

2. Қауіп-қатер дәрежесі бойынша бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері):

1) жоғары дәрежелі қауіп-қатер;

2) жоғары дәрежелі қауіп-қатерге жатқызылмағандар болып бөлінеді.

Жоғары дәрежелі қауіп-қатерге:

1) қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатын объектілерге жатқызу өлшемшарттарына сәйкес келетін, өнеркәсіптік қауіпсіздігі міндетті декларациялауға жататын қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын;

2) дайындаушы зауыт белгілеген нормативтік қызмет ету мерзімін өтеген қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын бақылау және қадағалау субъектілері жатады.

Жоғары дәрежелі қауіп-қатерге жатқызылмағандарға:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздігі міндетті декларациялауға жатпайтын қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын;

2) дайындаушы зауыт белгілеген нормативтік қызмет ету мерзімін өтемеген қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын;

3) қауіпті өндірістік объектіде тау-кен құтқару, газдан құтқару, бұрқакқа қарсы жұмыстарды

жүргізу құқығына аттестат негізінде қызметті жүзеге асыратын;

4) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестат негізінде қызметті жүзеге асыратын;

5) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтық заттар мен бұйымдарды қоспағанда) заттар мен оларды қолдана отырып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, иелену, өткізу, сақтау жөніндегі қызметтің лицензияланатын түрлерін жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілері жатады.

3. Тексерулер мынадай түрлерге бөлінеді:

1) жоспарлы;

2) берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігі тұрғысынан жүргізілетін тексерулер;

3) жоспардан тыс.

4. Жоспардан тыс тексерулерді қоспағанда, жоғары дәрежелі қауіп-қатерге жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тексеру жылына бір реттен жиілетпей, біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігі тұрғысынан берілген рұқсаттар бойынша жоғары дәрежелі қауіп-қатерге жатқызылмағандарды – үш жылда бір реттен жиілетпей жүргізіледі.

5. Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жоспарлы тексерулер:

жоғары дәрежелі қауіп-қатер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының немесе жергілікті атқарушы органның басшысы бекіткен тексерулердің жылдық жоспарына сәйкес тексерулер жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейінгі мерзімде;

жоғары дәрежелі тәуекелге жатқызылмағандар үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының немесе жергілікті атқарушы органның басшысы бекіткен үш жылға арналған тексерулер жоспарына сәйкес үш жылда бір рет жоспарлы кезеңнің алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейінгі мерзімде тексеруді тағайындау туралы акт негізінде жүргізіледі.

Берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігі тұрғысынан жүргізілетін тексерулер өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының басшысы бекіткен үш жылға арналған тексерулер

кестесіне сәйкес үш жылда бір рет кезеңнің алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейінгі мерзімде тексеруді тағайындау туралы актінің негізінде жүргізіледі.

Тексерулердің жоспарлары мен кестесі бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қауіп-қатер дәрежесі ескеріле отырып қалыптастырылады және олар бекітілген кезден бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының немесе жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Тексерулердің жоспарлары мен кестесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу тексерілетін бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) тарапынан, қайта ұйымдастырылған, оның атауы өзгерген, сондай-ақ табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай туындаған, төтенше жағдай режимі енгізілген, эпидемияның, карантиндік объектілер мен аса қауіпті зиянды организмдер ошақтарының, инфекциялық, паразиттік аурулардың таралуы, уланулар, радиациялық авариялар және солармен байланысты шектеулер туындаған немесе олардың туындау қатері төнген жағдайларда, бірақ жылына екі реттен жиілетпей жүзеге асырылады.

Осы тармақтың төртінші бөлігінде көрсетілген жағдайлар туындаған кезде тексеру ұзартылуы не тоқтатыла тұруы мүмкін.

Тексеру жоспарлары мен кестесінде:

1) жоспардың (кестенің) бекітілген күні мен нөмірі;

2) бақылау және қадағалау органының атауы;

3) тексерілетін бақылау және қадағалау субъектісінің атауы, оның сәйкестендіру нөмірі және заңды мекенжайы;

4) тексерілетін бақылау және қадағалау объектісінің атауы және оның орналасқан жері;

5) қауіп-қатер дәрежесі немесе рұқсат беру құжатының түрі;

6) тексерілетін бақылау және қадағалау субъектісінің кәсіпкерлік санаты қамтылады.

6. Адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнетін тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне)

қатысты жоспардан тыс тексеру тағайындауға негіз болған нақты фактілер мен мән-жайлар бойынша бақылау және қадағалау органы тағайындайтын тексеру жоспардан тыс тексеру болып табылады.

Жоспардан тыс тексеру бақылау және қадағалау субъектісі оның басталғаны туралы хабардар етілмей жүргізіледі.

7. Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) жоспардан тыс тексеру жүргізуге мыналар негіздер болып табылады:

1) аварияларды тергеп-тексеру актісінде көрсетілген бұзушылықтарды жоюдың орындалуын бақылау;

2) жедел ықпал ету шараларын қолдануға негіздер болып табылатын бұзушылықтардың жойылғанын бақылау;

3) тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау;

4) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы талаптарды бұзушылықтар бойынша негіздер мен растайтын дәлелдемелер болған кезде жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары;

5) адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтірудің не нұқсан келтіруге қатері туралы нақты фактілер бойынша прокурордың талаптары;

6) адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға нұқсан келтірудің нақты фактілері, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделері, сондай-ақ жойылмауы адамның өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге алып келетін өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар бойынша мемлекеттік органдардың жолданымдары;

7) қылмыстық қудалау органының Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша тапсырмасы.

8. Жоспардан тыс тексерулер анонимдік жолданымдар болған жағдайда жүргізілмейді.

А.ДАБЫЛОВ,
Қызылорда облысы ТЖД
Өнеркәсіптік қауіпсіздік
басқармасының басшысы

КӘСІБИ САЛАЛАРДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР: СУАРМАЛЫ ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА СУ ҚОРЛАРЫН ҮНЕМДЕП ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мелиорация мен ауылшаруашылығы саласында қолданылатын инновациялық технологияларды талдау; осы салаларда қолданылатын жаңа идеялардың тиімділігін зерттеу; су ресурстарын басқарудың заманауи әдістерін қарастыру.

Міндеттері: ауылшаруашылығы және су шаруашылығының қазіргі жағдайын сипаттау; осы салада кездесетін негізгі мәселелерді анықтап, оларды шешуге бағытталған инновациялық идеяларды ұсыну; судың тиімді пайдаланылуы және экологиялық қауіпсіздікке қатысты жаңа технологиялардың пайдасы мен артықшылықтарын көрсету.

Бұл мақалада ауылшаруашылығы, суармалы егіншілік, мелиорация және су шаруашылығы саласындағы инновациялық идеялар мен олардың жүзеге асырылуы талқыланды. Ауылшаруашылығы мелиорациясы, суармалы егіншілікте, су ресурстарын тиімді пайдалану, су қоймаларын басқару және жерді мелиорациялау жұмыстарындағы жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдердің маңызы көрсетілген. Жұмыста инновациялық шешімдер мен ауылшаруашылығы саласы егіншілікте жаңа технологиялар және қазіргі кездегі су шаруашылығындағы негізгі мәселелердің шешу жолдары қарастырылады. Бұл саладағы жаңашылдықтардың тұрақты дамуға, экологиялық қауіпсіздікке және аграрлық сектордың тиімділігіне әсері зерттеледі.

Мелиорация мен суармалы егін шаруашылығы саласы табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Су – тіршіліктің негізі, бірақ оны басқару, қорғау және тиімді пайдалану мәселелері қазіргі таңда көптеген елдер үшін өзекті болып отыр. Инновациялық идеялар мен технологиялар осы салаларды жетілдіруге, су ресурстарын үнемдеуге, экологиялық ахуалды жақсартуға және ауыл шаруашылығын дамытуға үлкен әсерін тигізеді. Ауылшаруашылығы мен су шаруашылығы, мелиорация саласындағы инновациялық шешімдердің тиімділігі мен болашақта оларды енгізудің маңыздылығы өте қажет болып отыр.

Суармалы егін шаруашылығында суды үнемдеп пайдалануда суды көп қажет ететін тиімділігі төмен дақылдар көлемін қысқарту, оларды көкөніспен, майлы және азықтық дақылдармен алмастыру жолында бет бұру керек. «Жасыл» экономикаға көшу жөніндегі қабылданған тұжырымдамаға сәйкес, 2030 жылға қарай егіс алқаптарының 15 пайызы суды үнемдеу технологияларына көшірілетін болады. Біз аграрлық ғылымды дамытып, сынақтық аграрлық-инновациялық кластерлер құруымыз қажет. Қазіргі уақытта елімізде экономиканы дамытудың маңызды факторы ретінде ресурс үнемдейтін инновациялық технологиялар айрықша рөлге ие болуда. Бұл өндіріс құралдары ұдайы қымбаттай түсіп отырған сәтте және түпкілікті өнім бағасының қымбаттау қарқыны саябырлап отырған шақта өте қажет. Сонымен бірге, суармалы егіншілікті, гидротехникалық құрылымдарды, жалпы су ресурстарын үнемдеп пайдалануда шетелдік ең озық технологияларды ұтымды бейімдеу үшін көрнекті ғылыми орталықтарымен бірлесіп зерттеулер жүргізуді, отандық ғылыми кадрлардың тағылымдамасын

күшейте түсуі қажет деп санаймын.

Гидротехникалық мелиорация – бұл су мен жер ресурстарын тиімді пайдалану, топырақтың өнімділігін арттыру үшін суару жүйелерін құру және жетілдіру. Бұл салада жаңа технологиялар мен құрылғылардың енгізілуі топырақтың құрғауы, су тапшылығы сияқты мәселелерді шешуге көмектеседі. Мысалы, суару жүйелерін автоматтандыру жаңа гидротехникалық жүйелер су көлемін нақты есептеп, тек қажетті мөлшерде су береді, бұл су шығынын азайтады., су үнемдеу технологиялары мен су тасқынын алдын алу бойынша инновациялық жобалар осы саладағы басты жетістіктер болып табылады.

Адамзатқа ХХІ ғасырдың ортасына дейін азық-түлік қорын 50 пайызға дейін арттыруға тура келеді. Өйткені әлемде халық саны жылдан жылға өсіп келеді. Алдымен су мәселесін шешпесе ондай максатқа қол жеткізу қиында соғады.

Ғаламдық су мәселесі адамзаттың қоғамдық, құқықтық дамуы ғана емес, жер бетінде тірліктің қалуының өзі қауіпті екендігін көрсетуде. Сондықтан да су мәселесін шешпесе адамзаттың тірі қалуының өзі күрделі мәселеге айналуды мүмкін екендігі айтылуда. Су қатерінің алдын алу – бір елдің емес жалпы ғаламшарлық мәселе екенін танып, оны шешуге бәрі де атсалысуы керек.

Әлемдік мәліметтер есебіне көз жүгіртсек жалпы екі миллиардтай адам ішетін суға зәру екенін көреміз. Соның ішінде әлемнің түрлі киікжіндер мен соғыстың кесірінен тұрақсыздық жайлаған аймақтарындағы ахуал тіпті нашар. Қарсыласушы жақтар су жүйелерінің нысандарын торуылап, оларды қарсыластарына қарсы қару ретінде пайдаланып жатқандары да бар. Оның үстіне осы аймақтардағы демографиялық өсім де су тапшылығын арттыруда. Бұл мәселе Қазақстан аумағында бар.

Қазақстанда жылдан-жылға қоршаған орта жағдайы өзгеріп, су тапшылығы қатты білінуде. Сыр өлкесі де соңғы жылдары судың жетіспеуін қатты сезініп отыр. Ауа райы өте қолайсыз болған, яғни қуаңшылық жылдары бұл жағдай өте шиеленісіп кетеді. Үлкенді-кішілі өзендердегі су қоры бірнеше есеге дейін азайып, көптеген ауылшаруашылық дақылдарының егістіктері кешігіп және кем мөлшерде суғарылады, ал кейбір алқаптар мүлдем суғарылмай қалады. Жаздың аптап ыстықтары мен құрғақшылығы ылғалдың тапшылығын арттыра түседі. Бұдан әсіресе суға талабы жоғары дақылдар үлкен зардап шегеді. Келешекте де судың қоры азаймаса, көбеймейтіні ақиқат. Ал ауылшаруашылығы дақылдарының егістік көлемдері арта береді. Өйткені, саны өсіп келе жатқан халықты азық-түлікпен, оның ішінде күріш дақылы, картоп-көкөніс және жеміс-жидек өнімдерімен қамтамасыз ету қажет.

Елімізде трнасшекаралық өзендер жүйесі көп атап айтқанда Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қытай, Ресей елдерінің аумақтарынан өтетін Сырдария, Ертіс, Іле өзені бассейнінің де кейбір проблемалары реттеліп шешілуі қажет. Сарапшылардың бағалауы бойынша Қазақстан да Еуразия құрлығындағы сурсурстарынан ішінара тапшылық көруші

елдердің біріне жатады. Республика аумағы жер үсті суларының жартысына жуығы шекаралас мемлекеттердің аумағынан келеді. Соңғы 10-15 жылда жер үстілік судың табиғи ресурстарының азая бастағандығы да бақылануда. Соның ішінде 90 пайызы көршілес елдерден келетін ағынды суға жатады.

Осындай су тапшылығы жағдайда тығырыктан шығар негізгі жолдардың бірі – алқаптарда ылғал үнемдейтін технологияларды қолдану. Аграрлық ғылымды дамытып, сынақтық аграрлық-инновациялық кластерлерді құруымыз қажет болып отыр.

Су үнемдегіш технологияларға тамшылатып, спринклерлі, топырақ астынан суару сияқты көптеген тәжірибелерде тиімділіктері анықталған және дүние жүзі бойынша кеңінен қолданысқа еңгізіліп жатқан суғару тәсілдерін жатқызуға болады. Әлемдегі көптеген мемлекеттер су үнемдеу технологиясын қолданады, алып мемлекеттердің бірі АҚШ тамшылатып суғару жүйесінің тиімділігін жоғары бағалап, оны 650 мың га жерге енгізіп тиімді пайдаланып отыр. Бұл алдыңғы қатарлы көрсеткіш болып табылады. Израильде 100 мың га астам егістік жер тамшылануы суғарылады екен. Қазақстандағы жағдайға келсек, қазіргі кезде егістікті суғарудың негізгі әдісі – қарықпен суғару (90%-ға жуық). Арнайы қондырғылармен жаңбырлатып суғару әдісі суғармалы алқаптардың 10%-ға жуық көлемін қамтиды. Ал тамшылатып суғару жүйесін қолдану аясы – 1%-ға жетпейді. Бұл әдіс соңғы жылдары ғана жаңадан бастағаны белгілі. Негізінен Республиканың оңтүстік өңірлері суармалы егіншілікпен айналысады. Болашақта шаруашылықтар осы тамшылытып суғару технологиясын қолдануын кеңейту керек деп санаймын.

Тамшылатып суғару жүйесінің артықшылықтары өте көп.

Біріншіден, су қоры орта есеппен 2-5 есеге дейін үнемделеді, бұл аса маңызды.

Екіншіден, топырақ су эрозиясына ұшырамайды, яғни оның құнарлы қабаты, құрамдылығы қарашірігі мен коректік заттары шайылып кетпейді.

Үшіншіден, егістікте арам шөптер саны азаяды. Оның себебі, ылғал болмағандықтан топырақтың барлық беткі қабатындағы арамшөптер тұқымдары өніп шықпайды, ал қатардағы өніп шыққан арамшөптер жабылған пленканың астында күнге күйіп, солып қалады.

Төртіншіден, дақылдардың өнімділігі 30-50%-дан 2-3 есеге дейін артады. Басқа да тиімді жақтары жеткілікті: өсімдіктің аурулармен және зиянкестермен залалдануы төмендейді, топырақтың су-физикалық қасиеттері (тығыздығы, механикалық құрамы, ауа өткізгіштігі, су сіңімділігі) мен биологиялық белсенділігі (пайдалы микроорганизмдер саны мен құрамы) жақсаралды, өнім сапасы мен сақталуы артады, қол еңбегі (суғару, шөптеу, тыңайту жұмыстары) және тыңайтқыштар мен пестицидтердің шығыны азаяды, т.б.

Тамшылатып суғару технологиясын қарқынды оранатуда біршама қаржыда қажет болады, бірақ шаруашылықтарға республикадан қолдау көрсетілуі керек деп ойлаймын. Республикалық және жергілікті

бюджеттерден төмен пайызбен (4-5%) ұзақ мерзімге (8-10 жыл) қаржыландыру, қосалқы бөліктермен жабықтау, қызмет көрсету және оқытып-үйрету орталықтарын құру тамшылатып суғару жүйесінің тез және кең ауқымда енгізілуін қамтамасыз ету керек.

Сонымен қатар, бұл жүйе ғылыми тұрғыдан да қолдау табуы керек. Түркия, Израиль, Қытай және басқа да мемлекеттерден келініп жатқан тамшылатып суғару жүйесі жергілікті топырақ-климат жағдайында зерттеліп, бейімдеуді қажет ететіндігі анық. Және де экономикалық тұрғыдан (бұл жүйенің 1 га шамамен 2500- 5000 АҚШ долларына бағаланады) ғалымдар жан-жақты сараптама жасауы керек. Өз елімізде осы тамшылатып суғару жүйесіне қажетті құрал-жабдықтарды шығаруды кеңінен қолға алғысыз тегі жақсы болар еді. Өйткені сырт жақтан сатып әкелінген қондырғылар сынбай тұрмайды, ал негізгі суғару түтікшелері тез тозады, оларды 1-3 жылда ауыстыру керек. Мысалы, Өзбекстанда тамшылатып суғару жүйесі Израильмен бірігіп өздерінде шығарылып келеді. Бізінде осындай жобаларды қолға алып дамытса жақсы болар еді.

Қорытындылай келе, дұрыс жобаланып, құрылған және басқарылған тамшылы суғару жүйесі басқа суару түрлерімен салыстырғанда, булануды азайтып, дренажды тереңдету арқылы су ресурстарының сақталуына септігін тигізеді, өйткені судың өсімдік тамырына жетуі дәлірек болады. Сондай-ақ, тамшылы суғару су мен өсімдіктің байланысынан таралатын көптеген аурулардың болуын азайтады. Қорыта келгенде, су қорларын қорғау, үнемдеп пайдалануда тамшылатып суғару жүйесінің өзектілігіне және тиімділігіне күмән жоқ. Ол ғылыми-өндірістік негізде дәлелденіп отыр. Ендігі жерде осы әлемдік деңгейде кең қолданылып отырған су қорын пайдаланудың озық технологиясын еліміздің шаруашылықтарында енгізуге үлкен көңіл бөліп, баршамыз ат салысуымыз қажет деп санаймын.

Пайдаланған әдебиеттер

- Байбеков, С. (2020). Су ресурстарын басқару және су шаруашылығының инновациялық әдістері. Алматы;
- О.О.Зубайров Суғару мелиорациясы оқу құралы, Алматы;
- Атақұлов Т.А., Кенетаев Т.С. Ауылшаруашылық мелиорациясы, Алматы;
- Сапарбаев, М. (2019). Гидротехникалық мелиорация және су ресурстары. Астана;
- Жұманов, А. (2021). Жаңартылған суару технологиялары. Экология және табиғи ресурстар журналы,
- Бекетаев, Ә. (2022). Қазіргі замандағы гидротехникалық құрылғылар мен технологиялар. Су шаруашылығы және құрылыс журналы, 30(1), 22-30.

Студент: Жұмадин Рамазан Манасұлы
Оқытушы жетекшісі:
Сағатов Нұрхан Рамазанович
Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда
политехникалық жоғары колледжі

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері ҚЗ 53/VP/00123138 күйіліп берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның
мекен-жайы:

Тоқмағанбетов

көшесі 36 а,

1 қабат 4 кабинет

Телефон:

8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай»
пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және
«Қазпошта» АҚ Қызылорда
облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті кө